

Абай ауылындағы Жақыпбек Маханбетов көшесі қиылысынан Юрий Гагарин көшесіне дейінгі тұйық көшені ауылшаруашылық маманы Ұлы Отан соғысының ардагері Едербаев Асқар Есімімен қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Қосшынырау ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 67 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2010 жылы 30 қыркүйекте N 10-1-149 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы мен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы" туралы N 2572-XII санды Заңын басшылыққа ала отырып және қалалық ономастикалық комиссияның 2010 жылғы 20 шілдедегі N 6/3 ұйғарымына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Қосшынырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы Жақыпбек Махамбетов көшесі қиылысынан Юрий Гагарин көшесіне дейінгі тұйық көше ауылшаруашылық маманы Ұлы Отан соғысының ардагері Едербаев Асқар есімімен қ а й т а а т а л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бас маман Ұ. Кушенбаеваға ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Әкім

С.Дүйсенбаев